

## Қызылорда қаласы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 10132 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 қаңтарда № 6150 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қазандағы № 14460 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 18.10.2019 № 14460 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2 пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 7696 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5855 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 9 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Шәменов*

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы  
15 қаңтардағы №10132 қаулысына 1-  
қосымша

**Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 12.02.2019 № 12620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қызылорда тазалығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	598	2	12
2	"Нұр-Береке М" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	10	2	1
3	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Қызылорда" филиалы	22	2	1
4	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызылорда су жүйесі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	657	2	13
5	"САМАТ-МҰНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	2	2
6	"Жігер" Қызылорда облысының мүгедектерінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	2	1
7	"Қызылорда" автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	300	2	6
8	"Ұшқын" Қызылорда мүгедектерінің оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	2	1
9	"Пәтер иелерінің "Шапағат кооперативі" тұтыну кооперативі	15	2	1

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы №10132 қаулысына 2-қосымша

## Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 12.02.2019 № 12620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Қызылорда тазалығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	598	2	12

2	"Нұр-Береке М" ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі	10	2	1
3	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Қызылорда" филиалы	22	2	1
4	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызылорда су жүйесі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	657	2	13
5	"САМАТ-МҰНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	2	2
6	"Жігер" Қызылорда облысының мүгедектерінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	2	1
7	"Қызылорда" автобус паркі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	300	2	6
8	"Ұшқын" Қызылорда мүгедектерінің оқу-өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	2	1
9	"Пәтер иелерінің "Шапағат кооперативі" тұтыну кооперативі	15	2	1

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы  
15 қаңтардағы №10132 қаулысына 3-  
қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 12.02.2019 № 12620 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "№3 қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	449	2	9
2	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "№5 қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	228	2	5
	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "№6 қалалық емханасы"			

3	шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	405	2	8
4	Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Мүгедектерге арналған оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	2	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК